



«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік
университеті» КЕ АҚ Ғылыми кеңесінің
шешімімен бекітілген
(хаттама №9, 02.02.2024 ж.)












ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ АЛЫНҒАН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Тіркеу № 03

Тараз 2024

©М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады

АЛҒЫ СӨЗ

4. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР	Оқу - әдістемелік бөлім басшысы Мажибаев А.К.	 /қолы/	29.01. 2024ж.
2. ЕНГІЗГЕН	Оқу - әдістемелік бөлімі		
3. ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	Бірінші рет		
5. ТАРАТУ	Академиялық жұмыс жөніндегі департаментке, оқу - әдістемелік бөліміне, факультет деканаттарына, институт директорына, кафедраларға, тіркеу офисіне		
6. БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:	«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген (хаттама № 09, 02.02.2024 ж.)		
7. КЕЛІСІЛДІ:	Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /қолы/	29.01. 2024ж.
	Академиялық мәселе жөніндегі проректор м.а. Алимбаева С.Қ.	 /қолы/	29.01. 2024ж.
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дәрібаев Ж.Е.	 /қолы/	29.01. 2024ж.
	Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі басшысы Балкибаева Г.А.	 /қолы/	29.01. 2024ж.
	Заң қызметінің басшысы Самбетов С.	 /қолы/	29.01. 2024ж.
	«Жаратылыстану ғылымдары» факультеті деканы Тасуов Б.	 /қолы/	29.01. 2024ж.
	«Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру» институты директоры Омарова Г.Е.	 /қолы/	29.01. 2024ж.
	«Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультет деканы Исабекова Г.Б.	 /қолы/	29.01. 2024ж.
	«Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультет деканы Турарова А.Н.	 /қолы/	29.01. 2024ж.
	«Технологиялық» факультет деканы Шардарбек М.Ш.	 /қолы/	29.01. 2024ж.
	«Экономика және құқық» факультет деканы Ернишев К.А.	 /қолы/	29.01. 2024ж.
	«Физикалық және әскери бастауыш даярлау» факультет деканы Нурпеисов М.К.	 /қолы/	29.01. 2024ж.

Бұл құжат «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

1. Қолдану аймағы	4
2. Нормативті сілтемелер.....	4
2.1 Нормативті құжаттар.....	4
3. Негізгі терминдер және қысқартулар.....	5
3.1 Негізгі терминдер	5
3.2 Қысқартулар	5
4. Жауапкершілік пен өкілеттік.....	5
5. Жалпы ережелер	6
6. Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану тәртібі.....	6
7. Тәуекелді басқару	8
7.1 Тәуекел ықтималдығын бағалау.....	8
8. Қосымша.....	9
Қосымша А. Танысу парағы	10
Қосымша Б. Өзгерістерді тіркеу парағы	10

1. ҚОЛДАНУ АЙМАҒЫ

Бұл ереже формальды емес білім беру саласындағы оқыту нәтижелерін тану жөніндегі комиссияның іс-шаралары мен іс-шараларын ұйымдастырудың негізгі ережелерін белгілейді.

Ереже формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін тану рәсіміне университеттің бөлімшелерінің және тартылған қызметкерлердің, оқытушылар мен студенттердің жұмысын ұйымдастыруға арналған..

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Нормативті құжаттар

ҚР Заңы	Қазақстан Республикасының 2007.07.27 № 319-III "Білім туралы" Заңы (2023 ж. 10.07. № 19-VIII өзгерістер мен толықтыруларымен);
ҚР МЖМБС	Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген. (20.02.2023 № 66 өзгерістер мен толықтырулармен)
ҚР МЖМБС	Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген (20.02.2023 ж. № 66 өзгерістер мен толықтырулармен)
Классификатор	«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауы», 13.10.2018 ж. №569 ҚРБЖҒМ бұйрығы (ҚР ҒЖБМ 21.07.2023 ж. №327 бұйрығына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)
Қағидалар	Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 № 595 бұйрығы (ҚРБЖҒМ 02.08.2023 ж. №379 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді);
Қағидалар	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.04.2011 жылғы № 152 бұйрығы (ҚР ҒЖБМ 25.07.2023 ж. № 334 бұйрығына өзгерістер және толықтырулармен)
Қағидалар	Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидалары. (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 мен Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 бірлескен бұйрығы).
Ереже	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде оқу нәтижелерін академиялық тану саясаты туралы ереже. ПД 10/3/2023, Басқарма төрағасы – М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің ректоры 04.05.2023 ж. бекіткен.

Біліктілік талаптар	Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі. КР БЖҒМ бұйрығымен бекітілген 17.06.2015 ж. №391 (20.01.2023ж. №22 өзгерістер және толықтырулармен)
СТУ 01	Сапа менеджменті жүйелері. Университет стандарты. Құжатталған ақпаратты басқару.
СТУ 05	Сапа менеджменті жүйелері. Университет стандарты «Сәйкессіздіктерді және түзету әрекеттерін басқару», ред. 10
СТУ 02	Сапа менеджменті жүйелері. Университет стандарты. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құруға, ұсынуға және ресімдеуге қойылатын талаптар.

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Негізгі терминдер

Бұл ережеде келесі терминдер қолданылады:

Оқыту нәтижелері	оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;
Формальды емес білім беру	оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып, жүргізілетін білім беру түрі.

3.2 Қысқартулар

Бұл ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

СТУ	университет стандарты
ОӘБ	Оқу-әдістемелік бөлімі
ТО	Тіркеу офисі
АРЖСҚБ	Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі
АЖД	Академиялық жұмыс жөніндегі департамент

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ӨКІЛЕТТІК

4. Осы Ережені университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

4.2 Осы ережеде көрсетілген талаптардың орындалуына жауапкершілік АЖД директорына, ТО директорына, оқу бөлімінің басшысына, факультет декандарына (институт директорына) және кафедра меңгерушілеріне жүктеледі.

4.3 Құжатты әзірлеуші осы ереженің СТУ 01, СТУ 02, СТУ 05 талаптарына сәйкестігіне жауапты.

4.4 Тиісті құжаттарды әзірлеу, келісу, бекіту және ресімдеу процесінің жетекшілері жұмыс тобының басшысы болып табылады. Формальды емес білім берудің оқу нәтижелерін тану жөніндегі комиссияның төрағасы және осы комиссияның хатшысы осы Қағидалардың

талаптарының орындалуына және тиісті құжаттардың ресімделу сапасына жауапты.

4.5 Формальды емес білім берудің оқу нәтижелерін тану жөніндегі комиссияның төрағасы құжаттың уақтылы ресімделуіне жауапты, ал ТО оқу нәтижелерін тану үшін құжаттарды сақтауға жауапты.

4.6 Тану рәсімінің өту барысын бақылауды ОӘБ басшысы жүзеге асырады.

4.8 Әзірлеу, орындау, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер СТУ 01 сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

4.9 Осы ереже жобаларын келісу лауазымды тұлғалармен жүзеге асырылады және «Келісу парағында» ресімделеді.

4.10 Түпнұсқаны АРЖСҚБ бөліміне сақтауға тапсыру жұмыс тобының басшысына жүктеледі.

4.11 Түпнұсқаны сақтау жауапкершілігі АРЖСҚБ -ға жүктеледі. Жазылған жұмыс көшірмелерін абоненттерге тарату жауапкершілігі ОӘБ-не жүктеледі. «Дулати университеті» баспасының директоры бұл ережені көбейтіп шығаруға жауапты.

4.12 Жазылған жұмыс көшірмелері келесі мекенжайларға жіберіледі: құрылым басшыларына, деканаттарға, директоратқа, кафедраларға, проректорларға. Тіркелген жұмыс көшірмелерін беру СТУ 01 сәйкес тіркелуі керек.

4.13 Ескерілген жұмыстық экзemplярының көшірмелерін жасау СТУ 01 сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) келесі нормативті-құқықтық актілерге сәйкес жасалынған:

- "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-3 - бабының 30) тармақшасына сәйкес (27 шілде 2007 жылғы № 319-III өзгерістер мен толықтыруларымен) әзірленді;

- Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы.

6. ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ АЛЫНҒАН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ ТӘРТІБІ

1. Формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тануды техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) дербес жүзеге асырады.

2. Формальды емес білім беру бағдарламасын білім алушы (тыңдаушы) формальды емес (қосымша) білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдарда және (немесе) формальды білім беру ұйымдарында (оқу орны бойынша не өзге де білім беру ұйымдарында) игереді.

3. Білім беру ұйымдарында формальды емес оқыту нәтижелерін тану формальды емес білім беру бағдарламасы мазмұнының және (немесе) оқыту нәтижелерінің білім беру бағдарламасының білім алушысы (тыңдаушысы) меңгеретін оқу пәнінің немесе модульдің мазмұнына және (немесе) оқыту нәтижелеріне сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

4. Формальды емес білім беру бағдарламасы мазмұнының және (немесе) оқыту нәтижелерінің оқу пәнінің немесе модульдің мазмұнына және (немесе) оқыту нәтижелеріне сәйкестігін бағалау оқытудың тұжырымдалған нәтижелерін және салыстырылатын бағдарламалардың құзыреттерін, олардың көлемін (академиялық сағаттарда және (немесе)

академиялық кредиттерде), оқыту мақсаттарын, оқу жетістіктерін (білімдерін) бағалауды салыстыру жолымен жүргізіледі.

5. Бағдарламалардың көлемін салыстыру кезінде білім беру бағдарламасының бір академиялық кредитінің бастапқы еңбек сыйымдылығы үшін - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында – 24 академиялық сағат және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында – 30 академиялық сағат қабылданады.

6. Формальды емес білім беру оқыту нәтижелерін тану кезінде салыстырымдылықты қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тыңдаушылардың) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне негізделген формальды емес (қосымша) білім берудегі білімді, дағдылар мен құзыреттерді бағалау жүйесі қолданылады.

Формальды емес білім берудің оқу жетістіктері мен білімдерін бағалаудың басқа жүйелерін қолдану кезінде білім беру ұйымы бағаларды балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне ауыстыру шкаласын әзірлейді.

7. Формальды емес білім берудің оқу нәтижелері мен құзыреттерін салыстыру бағдарламалардың мазмұнын, олардың мақсаттары мен толықтығын зерделеу арқылы оқу пәнінің силлабусын немесе білім беру бағдарламасының модулін қамтуды жүзеге асырады.

8. Формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін растайтын құжат "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) нысан бойынша берілетін кәсіптік даярлау туралы куәлік болып табылады.

Куәліктің көлемі (академиялық кредиттерде және (немесе) сағаттарда) және бағалары көрсетіле отырып, бағдарламаның зерделенген курстарының, оқу пәндерінің (модульдерінің) атаулары көрсетілетін еркін нысаны мен қосымшасы болады.

9. Формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану үшін білім беру ұйымының бірінші басшысының (ректорының) немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен Формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану жөніндегі Комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қызметі және оның құрамы туралы ереже бекітіледі.

Комиссия құрамына білім беру ұйымының академиялық, басқару персоналының өкілдері, оқытушылары, сондай-ақ өндірістік оқыту шеберлері (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында) кіретін 7 (жеті) адамнан аспайтын мүшелердің тақ санынан тұрады.

10. Комиссия төрағасы мен төрағаның орынбасары Комиссияның бірінші отырысында оның мүшелері арасынан көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

Комиссия төрағасы Комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Комиссия отырыстарын өткізеді. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын төрағаның орынбасары орындайды.

Комиссия хатшысының функцияларын Комиссия мүшесі болып табылмайтын білім беру ұйымының маманы орындайды.

11. Білім алушы (тыңдаушы) формальды емес білім берудің оқыту нәтижесін (нәтижелерін) тану үшін академиялық кезеңнің басталуына дейін 10 (он) жұмыс күн ішінде Комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Комиссия төрағасының атына еркін нысанда формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін растайтын құжат (куәлік).

12. Комиссия алынған құжаттарды сараптама жүргізу үшін 3 (үш) жұмыс күн ішінде сараптама тобына жібереді (сараптама қорытындысы).

13. Сараптама тобының құрамы білім беру ұйымының бірінші басшысының (ректорының) немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен бекітіледі, оған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өндірістік қызмет саласының тәжірибелі оқытушылары мен практикалық қызметкерлері кіреді.

14. Сараптама тобы құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің білім беру ұйымының білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Қарау нәтижелері бойынша формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің білім алушы (тыңдаушы) меңгеретін білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне, бағдарламаның мақсаттарына, бағдарлама көлеміне және бағалауға сәйкестігін міндетті түрде бағалай отырып, еркін нысанда сараптамалық қорытынды жасалады.

Осы сараптамалық қорытынды қарау және шешім қабылдау үшін Комиссияға беріледі.

15. Комиссияның шешімі отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен еркін нысанда ресімделеді.

16. Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені Комиссия хатшысы меңгерілген оқу пәндері (модульдері), бағдарламалары туралы мәліметтерді олардың атауын, академиялық кредиттердегі көлемін және (немесе) сағатын, бағалауын және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін білім алушының (тыңдаушының) транскриптіне қайта есептеу туралы көрсете отырып енгізу үшін оқу бөліміне (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында) немесе тіркеуші кеңсесіне (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында) береді.

17. Білім алушы (тыңдаушы) келесі академиялық кезеңдерде қайта есептелген оқу пәндерін (модульдерін) оқудан босатылады.

7. ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ

7.1 кесте. Тәуекел ықтималдығын бағалау

Балл	Сипаттамасы
1	Мүмкін емес (дерлік мүмкін емес)
2	Болуы әбден мүмкін
3	Мүмкін
4	Өте мүмкін

7.2 кесте. Жағымсыз оқиғаны талдау. Қауіптілік рейтингі

Балл	Сипаттамасы
1	Өте төмен (қажетсіз оқиғаның салдары сыртқы тараптарға байқалмайды)
2	Орташа (тұтынушының қанағаттанбауының жекелеген жағдайлары; салдарын жоюға болмашы шығындар; университеттің беделіне нұқсан келтірмеу)
3	Жоғары (айыппұлдар, салдарын жоюға айтарлықтай шығындар. Мүдделі тараптардың наразылығы)
4	Катастрофиялық (қызметтің тоқтатылуы, беделінің жоғалуы)

7.3 кесте. Тәуекелді қабылдау шкаласы

Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану	ПД 3.03 - 2024	
---	----------------	---

Байыптылық Ықтималдық	1	2	3	4
1	1	2	3	4
2	2	4	6	8
3	3	6	9	12
4	4	8	12	16

7.4 кесте. Тәуекелді басқару

№	Процесс	Тәуекел/ қажетсіз оқиға	Тәуекелді ң қызметке әсерін сипаттау/ процесс	Тәуекелді бағалау			Тәуекелді төмендету шаралары (тәуекелді реттеу)	Жауапт ы	Орында у мерзімі
				Жағымс ыз оқиғаны ң пайда болу ықтимал дығы/ж иілігі (B)	Жағымсыз оқиғаның ауырлығы /әлеуетті немесе нақты салдары (C)	Бағала у(B*C)			
1	Тану рәсіміне құжаттард ы дайындау	Комиссия отырысын ың қорытынды лары бойынша құжаттард ы өңдеу мерзімдері н бұзу	ТО-ға беруге комиссия шешімінің болмауы	2	орташа	4	Дайындал ған құжаттард ың уақытылы жеткізілуі н тұрақты бақылау	ОӘБ, ТО, деканат, директо рат	Комисси я жұмысы барысын да

Қосымша А
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Қосымша Б

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]